

Ертеңі – Жалынды жастар қолында

ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында күндізгі оқыту факультетінің 1-курс тыңдаушылары Қостанай облысы әкімдігінің «Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» ММ басқармасының басшысы Кенеш Әлімжановпен кездесті.

Кездесуге Академия бастығы, полиция полковнигі Мирлан Қызылов, академия бастығының орынбасары полиция подполковнигі Ахан Нурушев, оқу топтарының жетекшілері мен 1 - курс басшылары қатысты.

Полиция полковнигі Мирлан Қызылов: «2015 жылғы ақпанда «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы қабылданған болатын. Аталған заң жастардың рухани, мәдени, білім алуы, кәсіби қалыптасуы мен дене тәрбиесін дамытуы үшін әлеуметтік - экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер жасау, бүкіл қоғам мүддесі үшін олардың шығармашылық әлеуетін ашу мақсатында жүзеге асырылады. Жыл сайын оқу ордамызға облыстардың түкпір-түкпірінен білімдерін жоғарылатуға, таңдаған мамандықтарының кәсіби маманы болуға талапкерлер оқуға түсуде. Академияда білім алып жатқан тыңдаушыларымыздың білім деңгейлерін жоғарылату, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысудағы белсенділігін арттыру, оларды ғылыми – зерттеу жұмыстарына, облыстық, республикалық деңгейлерде өткізіліп жатқан түрлі бағыттағы шараларға тарту, олардың өсуіне жол ашу үшін барлық жағдайлар жасалған», - деп, атап өтті.



Сөз тізгінін алған Кенеш Ғалыбекұлы: «Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында жастарға және оларды жаңа қазақстандық патриоттықта тәрбиелеуге ерекше назар аударады. Өйткені, бүгінгі жастар — ертеңгі болашақтың іргетасы. Сіздер, жан-жақты, сауатты, ерік-жігері мол азамат болып, болашақта ішкі істер органдарының әр саласында қызмет атқарып, алған білімдеріңді тәжірибеде қолданып, аға буынның жолын жалғастырып, Отанымыздың дамуы ен көркеюіне өз үлестеріңді қосатындарыңа сенімдімін», - деді.

Қазіргі таңда, мемлекеттік органдар жастарды ақпараттық қамтамасыз етуге, денсаулығын сақтауға, білім алуға, әлеуметтік қызметке, кәсіптік бағдар алуға, жұмысқа орналасуға, демалуға, әлеуметтік оңалуға және жас отбасыларын қолдауға, олардың құқықтарын жүзеге асыру мақсатында қыруар жұмыстар атқарып жатқандығын атай кету қажет.

Кездесу полиция полковнигі Мирлан Қызылов Қазақстан милициясының тарихында генерал-лейтенант атағын тұңғыш иеленген және екі рет министр болған ішкі істер органдары саласындағы мемлекеттік және кадрлық саясатын жетілдіру мақсатында көп үлес қосқан белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Шырақбек Қабылбаевтың ведомстволық оқу орындарының түлектеріне арнаған «Өмір жолындағы қиындықтарды жеңе біліңдер. Әрқашанда оптимист, қайсар және берік болыңдар» деген сөзімен аяқтады.

Орынбасар УАҚПАЕВА
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының
баспасөз қызметінің баспасөз хатшысы